

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 876-891, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_876-891

POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION

Auezkhan Shashaev¹, Nurgul N. Kurmanalina², Svetlana G. Belous³

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology named of
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050000, Kazakhstan).
Leading Researcher, Associate Professor.

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Scientific Secretary, PhD, Associate Professor.

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

³Abai Kazakh National Pedagogical University
(25 Zhambyl Street, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan)
Senior Lecturer of the Academician T. S. Sadykov Department of Modern and Contemporary History of Kazakhstan

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8039-4112> E-mail: sbelous978@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026

© Shashaev A., Kurmanalina N.N., Belous S.G., 2026

Annotation. *Introduction.* The purpose of this article is to analyze the activities of the imperial gendarme-police system for the supervision of the 1916 uprising in the Semirechensk region using source materials from archival collections. The relevance of the study is determined by the search for an answer to the question of why the data of spies of police institutions and police units on the situation in the 1916 year preceding the uprising were ignored. *Gaols and objectives.* The article analyzes with the help of special materials the period of the beginning of the uprising, the identification of the leaders of the uprising and participants, imprisonment, the process of punishment, and the difficult situation after the defeat. The methodological basis of the research is a system of methods and techniques focused on innovative principles in the process of historical research to study the changes that have occurred in the socio-economic and political life of society. *Results.* During the discussion and the results obtained in the article, the activities of the imperial gendarme-police system for monitoring the 1916 uprising in the Semirechye region were summarized, according to archival sources, using its circulating letters, reports, reports, protocols and other documentary materials, the socio-economic and political situation was analyzed. The Semirechensk region before the uprising, the problems of the settlement of Russian peasants, solving the land issue, collecting data through security agents, and spy agents were investigated, also, the course of events at the initial stage of the uprising, the detention of their organizers and participants, punishments, the deportation of the population after the defeat of the uprising, the distribution of the liberated lands to Russian peasants.

Conclusion. Analyzing the above data, it was clear that the causes of the 1916 uprising were not only related to work in the rear, but were also aggravated by land problems that escalated from local

oppression of rich manaps into the national liberation struggle against colonial oppression.

Keywords: Semirechye, uprising, gendarmes, police, detectives, secret agent, resettlement, supervision, punishment

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "The 1916 uprising in the Semirechye Region: Rethinking the Problem Based on Archival Documents and Oral Historical Sources". (Registration number: AP26103741).

For citation: Shashaev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. Police service in the Semirechensk region during the 1916 uprising // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 876–891. (In Kaz.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_876–891

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Әуезхан Кадыржанұлы Шашаев¹, Нұргүл Нұрсұлтанқызы Құрманалина^{2*},
Светлана Геннадьевна Белоус³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28–үй, Шевченко к., Алматы қ., 050000. Қазақстан Республикасы).

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

² Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28–үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Ғалым хатшы, PhD, қауымдастырылған профессор

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(25–үй Жамбыл к., Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының аға оқытушысы, PhD

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8039-4112> E-mail: sbelous978@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Шашаев Ә.Қ., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г., 2026

Аңдатпа. Кіріспе. Бұл мақалада Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтерілісті қадағалаудағы империялық жандармдық–полицейлік жүйесінің қызметі архив қорларындағы деректік материалдар арқылы талдау мақсаты қойылған. *Зерттеудің өзектілігі* полиция мекемелері, жандармдар бөлімшелері тыңшыларының көтеріліс алдындағы Жетісудағы жағдай туралы берген мәліметтері неге ескерусіз қалып, 1916 жылғы көтеріліске жол берілді деген мәселеге жауап іздестіру арқылы айқындалады. Мақалада, көтерілістің басталу кезеңі, көтеріліс басшылары мен қатысқандарды анықтау, түрмеге жабу, жазалау, және жеңілістен кейінгі ауыр жағдай арнайы құжаттар материалдары арқылы талданады. *Зерттеудің методологиялық негізіне:* қоғамның әлеуметтік–экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер, тарихи зерттеу үрдісіндегі жаңашылдық қағидаттарға бағытталған әдіс–тәсілдер жүйесі алынды. *Нәтижелер мен талқылау* барысында Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтерілісті қадағалаудағы империялық жандармдық–полицейлік жүйесінің қызметі оның айналымдық хаттары, рапорттары, есептік баяндамалары, хаттамалары және басқа да құжаттық материалдары арқылы көтеріліс алдындағы Жетісу өлкесінің әлеуметтік–экономикалық және саяси жағдайына шолу жасалып, орыс шаруаларын қоныстандыру, жер мәселесі қалай шешім тапты, көтеріліс алдындағы жандарымдар, сақшылар бөлімі филерлері, агент–тыңшылары арқылы мәліметтер жинастырылуы, көтерілістің бастапқы кезеңі, олардың

ұйымдастырушылары мен қатысушыларын ұстау, жазалау, көтеріліс талқандалғаннан кейінгі тұрғындарды жер аудару, босаған жерлерін орыс шаруаларына таратып беру қысқа түрде, архив деректері арқылы баяндалды.

Қорытынды: Бұндай көтерілістің болатыны анық еді, жоғарыда келтірген деректерге талдау жасай келе 1916 жылғы көтерілістің себептері тек қана тыл жұмысына алуға байланысты ғана емес тым әріден басталып, жер мәселесінің ушығуына орай, жергілікті бай–манаптар езгісінен өсіп шығып, отарлық езгіге қарсы ұлт–азаттық күреске ұласқандығы туралын қортынды жасалды.

Түйіні сөздер: Жетісу, көтеріліс, жандарм, полиция, филер, тыңшы, көші–қон, қадағалау, жазалау

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтеріліс: мәселені архив құжаттары мен айтылған тарих деректері негізінде қайта қорыту» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында даярланды. (Жеке тіркеу нөмірі: AP26103741).

Дәйексөз үшін: Шашаев Ә.Қ., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г. Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі полиция қызметі // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 876–891 бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_876–891

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ауезхан Кадыржанович Шашаев¹, Курманалина Нургуль Нурсултановна^{2},
Светлана Геннадьевна Белоус³*

¹Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова,
(д. 28, ул. Шевченко, Алматы, 050000, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevauvezhan@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, Алматы, 050000, Республика Казахстан)
Ученый секретарь, PhD, ассоциированный профессор

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(д. 25, ул. Жамбыла, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан)
Старший преподаватель кафедры новой и новейшей истории Казахстана имени академика
Т.С. Садыкова, PhD

 ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8039-4112> E-mail: sbelous978@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С. Г., 2026

Аннотация. Введение. В данной статье поставлена цель проанализировать деятельность имперской жандармско–полицейской системы по надзору за восстанием 1916 года в Семиреченской области с помощью источниковедческих материалов из архивных фондов. Актуальность исследования определяется поиском ответа на вопрос о том, почему были проигнорированы данные шпионов полицейских учреждений, подразделений полиции о ситуации в предшествовавшем восстанию 1916 года. *Цели и задачи.* В статье анализируются с помощью специальных материалов период начала восстания, идентификация лидеров восстания и участников, заключение в тюрьму, процесс наказания, и тяжелое положение после поражения. За методологическую основу исследования взята система методов и приемов,

ориентированных на новаторские принципы в процессе исторического исследования для изучения изменений, происходивших в социально-экономической и политической жизни общества. *Результаты.* В ходе обсуждения и результатов были изложены в краткой форме, по архивным источникам деятельность имперской жандармско-полицейской системы по надзору за восстанием 1916 года в Семиреченской области с помощью циркулярных писем, рапортов, отчетных докладов, протоколов и других документальных материалов, был проведен анализ социально-экономического и политического положения Семиреченского края перед восстанием, исследованы проблемы расселения русских крестьян, решения земельного вопроса, сбора данных через филеров отдела охраны, тайных агентов, также ход события на начальном этапе восстания, задержания их организаторов и участников, наказания, депортация населения после разгрома восстания, раздача освободившихся земель русским крестьянам. *Заключение.* Анализируя приведенные выше источники, что причины восстания 1916 года связаны не только с мобилизацией в тыловую работу, но и усугублялись земельными проблемами, и переросли в национально-освободительную борьбу против колониального угнетения.

Ключевые слова: Семиречье, восстание, жандармы, полиция, филеры, тайные агент, переселения, надзор, наказание

Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Восстание 1916 года в Семиреченской области: переосмысление проблемы на основе архивных документов и устных исторических источников». (Регистрационный номер: AP26103741).

Для цитирования: Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г. Полицейская служба в Семиреченской области во время восстания 1916 года // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 876–891. (На Каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_876–891

Кіріспе. Зерттеу міндетіне орай, ең алдымен 1916 жылғы көтеріліс қарсаңындағы Жетісудағы саяси-әлеуметтік жағдай қарастырылды. XIX ғасырдың ортасына таман әскери-полициялық тәртіп, жазалау жүйесі қазақ даласына толығымен орнығып үлгерген еді. Ал оның қызметі жергілікті тұрғындар үшін аса қасіретті болды.

Ішкі істер министрлігіне қарасты Полиция департаментінің арнайы бөлімдеріне Жетісу облысындағы жергілікті халықтың рухани өміріне бақылау жасау туралы арнайы жарлығы шығарылды (ПСЗ, 1891: 36). Осы бұйрық негізінде Түркістан генерал-губернаторының Жетісу өлкесі әскери-әкімшілік басқармасына жіберген - 1906 жылдың 10 шілдесіндегі № 245-ші нұсқаулығы берілді (ҚР ОМА. 73-қ. 2«с»-т. 1 іс, 5 п.). Аталған нұсқаулықта халықаралық жағдайға талдау жасалып, Англия мен Оңтүстік Африка Республикалары және Қытай мен Ауғанстанның арасындағы теке-тірес, сонымен қатар Қиыр Шығыстағы христиандар мен мұсылмандар арасындағы жағдайдың ушығуы туралы баяндалады. Сол себепті өлке (Жетісу) тұрғындарының рухани өмірі, кімдерге бүйрегі бұратындығы толық қадағалауға алынып, тыңшы-агенттерге арнайы бақылау жасауға тапсырма берілді. Ұсақ-түйек делінбестен жергілікті мұсылман тұрғындардың жат пиғылдары, үгіт-насихаттарға көңіл аударуы, аралас-құралас негізіндегі қарым-қатынастарының басыңқы бағыттары толық бақыланып, елеулі дегендері бойынша есептік-баяндаулар жасалатын. Нұсқауда: Ресей мен Қытай арасындағы Қиыр Шығыс үшін күреске тұрғындардың ой-пиғылы қандай, кімдерге көңіл бұрады? Ресейге бағынышты ел ретінде тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне деген көңіл күйінде ауытқулар мен наразылығы бар ма деген сұрақтарға жауап ізделінетін болды. Бұған деген қажеттілік ағылшындар мен Ауған өмірінің қазақ жеріне қызығушылық танытуы мен Далалық өлкеге өз ықпалын жүргізуге ұмтылысының анық байқалуынан туындаған еді. Міне, сол себепті, дәл осы жағдайда, жергілікті тұрғындардың бүйрегі қайда бұратындығын бақылап отыру – аса қажетті мәселелердің бастысы болды. Архив деректеріне жүгінсек, Жетісу облысы әскери губернаторының Түркістан аудандық сақшылар бөлімдері тыңшылары арқылы алынған құпия мәліметте: «... Аса жоғары мәртебелім, менің сізге баяндайтыным қазіргі уақытта жергілікті

тұрғындар арасында Балқандағы оқиғаларға деген қатты қызығушылық бәсеңдегенімен, олардың арасында қобалжу басылар емес, бұл олардың ой-пиғылдарының өзгеруі мен Ресейдің Түркиямен соғысушы христиан мемлекеттеріне берген көмегіне деген наразылықта емес, қырғыз (қазақ) тұрғындарының барлығының мүддесіне сай келетін, үміт ететін жер мәселесіне байланысты. Қырғыздардың жерінің бір бөлігі қоныс аударушы орыстарға беріледі деген сыбыстың жүзеге асуымен қатар, көптеген ықпалды мұсылмандар енді түрікшіл болып алды. Бұлардың жер мәселесіндегі жалғыз үміті Түрік сұлтаны болып отыр, ал Қытаймен шекаралас тұрғындар жерді бұрынғы негізде пайдалануға ұмтыла отырып, Қытай үкіметіне үміт артады. Егер Ресей Қытаймен соғыста жеңілсе ел ішіндегі бүкіл орыстарды қуып шығар едік дегеннен үміттенуде» (ҚР ОМА. 73-құпия қ., 2 «с»-т. 10-іс, 60-п.). Міне, деректегі мәліметтерге сүйене отырып айтар болсақ, жергілікті тұрғындар бұрынғы айырылып қалған жерлерін қайтарып алу үшін Ресейдің қандай да болмасын дұшпанына көмек беруге әзір екендігі байқалады. Сөзі сараң полиция мәліметтерінің құрғақ, кеңсе тілімен жазылған мән-мағынасына тереңірек үңілсек, халықтың санасында тәуелсіздікке деген үміттің жоғалмағандығын көреміз (ӨзРҰА. 461-қ. 1-т. 1025-іс. 6-п.).

Қоныстандыру мәселесі бойынша Ішкі істер Министрлігіне Жетісу облысына қатысты соңғы алты айдағы мәліметке сәйкес, министрдің орынбасары штальмейстр П.Г. Курловтың қазақтардың көңіл күйі жайында баяндауы жасалады. Мұнда негізінен айтылған нәрсе, орыс карашекпендерін Жетісуға қоныстандыру мен барлық жергілікті тұрғындардың әскери міндет атқаруға тартылатыны жайындағы сыбыс нәтижесінде тұрғындар арасындағы қобалжудың орын алғандығы. Осыған байланысты болыстық съездерде (мәслихат) пікірталастар туындап, қалыптасқан жағдайға баға беру, кеңесу үшін облыстық съезд шақыру көзделгендігі баяндалған.

Штальмейстр П.Г. Курлов Түркістан генерал-губернаторына оның басты міндеті өлкедегі орыс отарлауын қамтамасыз ету екендігін ескертіп, қоныстандыру басқармасына көмек көрсетуді талап етеді. Қазақтардың Мемлекеттік Думаның 1-ші және 2-ші шақырылымына жіберген ұсыныстары өкімет тарапынан қолдауға ие болмайтындығы, оларға қоныстандырудың қандай жағдайда болмасын тоқтатылмайтындығын жергілікті әкімшіліктердің баса айту керектігі айтылады. «Переселендік басқарманың негізгі міндеті жер ауып келген орыс шаруаларына жайлы жер тауып орналастыру, міне содан қалған жерлерден отарлау мүддесі аясында, тәуелділікте ұстап отыру үшін қазақтарға үлестік жер беру және ол орыс қоныстанушыларына ешбір зияны тимейтіндей болуға тиісті» (ӨзРҰА. 461-қ. 1-т. 1023-іс. 6-п.). Әрине, 21 қыркүйекте Верный, Пішпек және Қапал мен Пржевальскі ояздықтары өкілдері қатысқан съездің қаулысы Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясына жеткізіліп, Орынбор казактарының жер пайдалану үлгісіне сәйкес қазақтарға өз жерлерін беру мәселесін көтеру тапсырылды. Империялық саясаттың үстем болып отырған кезінде бұл мәселенің шешілуі мүмкін болмады. Солқылдақтық танытқан Мемлекеттік Думаның таратылуы, демократиялық шаралардың жүзеге аспайтындығын, оған империялық мүдделердің қайшы келетіндігінің айқын дәлелі болды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудегі қолданысқа түскен материалдар мен тарихи оқиғалар арнасында, полицейлік мекемелердің қызметін құжаттарға сүйене отырып қалпына келтіру арқылы әдіс-тәсілдік бағытты айқындау дегеніміз ақиқатын ажыратудың ерекше бір түріне жүгінуді білдіреді. Сондықтан, мақалада салыстырмалы-тарихи талдау тәсілі басшылыққа алынды.

Зерттеу барысында тақырыпқа қатысты Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Өзбекстан Республикасы Ұлттық архивінің қорларынан алынған материалдар, сонымен қатар кеңестік кезеңде, тәуелсіздік кезеңінде, отандық және шетелдік зерттеушілердің жазған ғылыми еңбектері пайдаланылды.

Талдау. Жетісу өлкесіндегі отарлаудың көлеңкелі жақтары, орыс езгісінің пәрменділігі, Түркістандағы әкімшілік–полицейлік үкіметтің әрекеттері, революциядан кейінгі жағдайы мен кеңестік дәуірдегі олқылықтар ащы шындықпен баяндалған еңбектердің бірі Г. Сафаровтың (Г. Володин) «Колониальная революция (Опыт Туркестана)» деген еңбегі. 1921 жылы жарық көрген бұл еңбек өз заманындағы аса сирек кітаптардың бірі болып табылған. Онда айтылған кейбір пікірлердің әлі күнге өз маңызын жоймағандығын атап өтуге болады (Сафаров 1996: 83). Т. Рысқұловтың үш томдық жинақтық еңбегінің екінші томында Жетісу облысындағы қоныстанушылар пайдасына жергілікті тұрғындардың жерін тартып алып берудің сандық көрсеткіші келтірілген (Рыскулов, 1997: 51).

М. Дулатов қоныстандыру мәселесіне қатысты жайды ақындық сезімталдықпен баяндай отырып, келімсек орыс шаруаларына жайлы жерлерді бөліп беру нәтижесінде қазақтардың жайылымдық жерлері тарылып, өзен-суларының пайдалану аймағы азайып бара жатқанын, олардың бос жерлерге емес, ата-баба қоныстарына күшпен орналасып, жергілікті тұрғындарға қысым көрсетілгенін айтады (Дулатов, 1987: 23).

Тағы бір мәлімет көзі ретінде М. Тынышпаевтың сөзін келтіретін болсақ, өлкеде шектен шығарлық әрекеттерге жол берілгендігін, атап айтқанда христиан дінін қабылдамағандығы үшін қазақ әйелдерінің азапталғаны, қазақ тілінде арыз беру мүмкіндігінің болмағандығын айта келе, сөзін былай деп жалғайды: «... атап өтер болсақ, мырзалар, адамдарға деген нағыз жауыздық дәл қазіргі кезде, яғни XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жүзеге асырылып жатыр және ол құдайдың да, адамдардың да жадынан шыққан, осынау бір түкпірдегі аймақта орын алуда. Ал енді, бұны қалай надан, теократиялық және бюрократиялық ұлы державалық Ресей империясының бөтен халықтар мен басқа діндегілерге қарсы жүргізген жойқын крест жорығы деп қалай атамасқа» (Тынышпаев 1993: 16).

Қазіргі Ресей ғалымдарының зерттеулерінде патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қатысты жаңаша көзқарастағы зерттеулердің қатары көбейгеніне қарамастан, олардың арасында отаршылық езгіні кейбіреулерінің жұмсарта көрсетуге тырысқандықтары байқалады. Басты айғақ отаршылдар испан, португалдар сияқты жергілікті тұрғындарды қырғынға ұшыратқан жоқ деген пікірді алға тартатыны. Ал деректердің мәліметі, оның мазмұнының мүлдем басқаша екендігін көрсетеді. Көпшілігінде бұл мәселелердің бергі жағы ғана қарастырылған. Енді бұл еңбектерге тоқталар болсақ, Н.П. Ерошкиннің еңбегінде патшалық Ресейдің әкімшілік–территориялық бөліктерінің қызметіне талдау жасалып, соның ішінде полиция мекемелерінің міндеттері көрсетілген (Ерошкин 1968: 360).

Шетел ғалымдары зерттеулерін қарастырғанда, Гарвард университетінің профессоры Ричард Пайпстың еңбегіне тоқталмауға болмайды (Пайпс 1993: 407). Бұл өзіндік ойы бар еңбекте тоталитарлық жүйеге қатысты құнды пікірлер айтылған. XX ғасырдың басында Ресейде сынақ ретінде түрлі қадамдар жасалып, нәтижесінде полицияның қатал қадағалауынан да басым түскен, тоталитаризмнің нағыз қасіретін орнатқан еді деп, монографиялық еңбегінің үшінші тарауында айта келе, оны аса кең түрде бұрынғы құрбандары – большевик-революционерлер пайдаланғандығы көрсетіледі. Жалпы Р. Пайпстың зерттеуінде тарихи салыстырмалық әдісі орынды пайдаланылған. Томас Пирсонның (Нью-Джерси (АҚШ) университетінің профессоры): «Орыс шенеуніктігінің дағдарысы, самодержавиесі және жергілікті өзін-өзі басқару» деп аталатын зерттеуінде: 1860 жылдардағы реформадан бастап, Ресейдегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің осы XIX ғасырдың соңына дейінгі тарихы талдауға алынған (Пирсон 1990: 12).

Е.Е. Лейзеровичтің «Социальные и экономические итоги Российской колонизации Туркестана» деген Тель-Авивте 2001 жылы жарық көрген зерттеу жұмысында отарлаудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары және оның кеңестік кезеңдегі бет пердесі ашылып көрсетілген (Лейзерович 2001: 269). Орыс шаруаларын қоныстандырудың салдары, отарлаудың жергілікті халықтың санына тигізген кері әсері, дәстүрлі тұрмыс-тіршіліктегі олқылықтар, шаруашылықтың дағдарысы, дәстүрлі шаруашылықтың түбегейлі өзгерісі, территориясының тарылуы және т. б. да өзекті мәселелер қарастырылған Андреас Каппелер

(Вена университетінің профессоры) зерттеуінде Ресейдің жергілікті тұрғындарға қатысты ұстанған саясаты талдауға алынған. Империялық Ресейдің Түркістан өлкесіндегі жергілікті тұрғындарға қатысты ұстанған саясатының негізгі екі бағыты бар еді. Профессордың айтуы бойынша, оның біріншісі агрессивті (зорлық, күштеу) болса, екіншісі прагматикалық (майысқақ, жұмсақ) болды деп атап айтады (Каппелер 2003: 129–135). Мақаламызда келесі зерттеушілердің – К. К. Пален (Пален 1910: 219), А. Спиридович (Спиридович 1930: 268), Дж. Демко (Демко 1997: 206) маңызды деген мәліметтері пайдаланылды.

Бұл зерттеуіміздің *теориялық-әдіснамалық бағыты* ретінде сыни және тарихилық қағидаларды ала отырып, қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін сол кезеңдегі оқиғалар арнасында қарастырдық. Ғылыми талдау кезеңінде тарих ғылымындағы объективтілік, салыстырмалы тарихи-талдау, жүйелілік, хронологиялық тәсілдерді ұтымды пайдалану өз жемісін береді. Ұтымды әдістердің негізін мәтіндік-салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау құрайды. Атап айтар болсақ, зерттеу барысында негізгі ұстанымдар ретінде тарихи деректерді салыстырмалы тәсіл арқылы ақиқатын ажырату, субъективтіліктен объективтілікке өту, деректердің ғылыми құндылығын айқындау, олардың маңыздылық пен сапалық деңгейін сараптау және сыныптау қағидаттары және тәсілдері негізге алынды.

Зерттеудің нәтижелері. Жетісудағы жер мәселесі. 1911 жылдың 3 наурызында № 550–ші Джалал–Абад учаскелік пристапының ояз бастығына жіберген есептік баяндамасына тоқталайық (ӨзРҰА. 461 қ. 1 т. 1023 іс. 6–7 п.). Бұл баяндамада орыстардың өз беттерімен қазақтардың жерін басып алғандығы жайында баяндалады. «Ағымдағы жылдың екінші наурызында Көгарты болыстығының № 4-ші ауылының қазақтары Жырғалыталдағы қаза болған адамның туыстарына көңіл айтуға бара жатқанда (барлығы 15 адам) Жаукүнге деген жерден өте бергенде, орыстардың ешбір рұқсатсыз, өз бетімен олардың жерін жыртып жатқанын көріп, оларды сабап қуа бастайды. Сол себепті орыс-қазақ арасында жаппай төбелес басталып, қарулы орыстар жоғарыда аталған № 4-ші ауылдың қазақтарын өлтірді. Атап айтар болсақ олар: 1) елу басы Асылбек Мірсейтов - 65 жаста; 2) Қонақбай Қалшаев - 40 жаста және мылтықтың оғынан бетінен жараланған Ботақан Тоқтаханов пен иығынан жараланған Пұсырманқұл Бекбаев - 25 жаста. Төбелеске қатысқанына қарамастан аман-сау қалғандар: Мамедәлі Жаппаров, молда Шөкір Нұрбаев, Сұлтанбай Дәулетов, Мәш Базарәлиев, Жүнісәлі Итімов, Қайып Жайшыбаев, Жолдас Тайырбеков және Тұрдыбай Қарашаев. Дегенмен, тағы бір адам – Оразәлі Зұлымбеков жарақат алып және Жолдас Тайырбековтың астындағы атына оқ тиіп өліп қалды» (ӨзРҰА. 461-қ. 1-т. 1023-іс. 7 п.). «Орыстар жағынан төбелеске қатысқан шаруалар: 1. Теренти Иванович Лагуткин, Воронеж губерниясы, Острогж уезы, Сагуловскі болыстығы Юдин селосынан, қазір осы жерде палаткада тұрып жатыр» (ӨзРҰА. 461-қ. 1-т. 1023-іс. 8-п.). Орыс шаруаларының тізімі осы тәртіппен берілген, барлығы 24 адам. Тергеу барысында орыс шаруаларының барлығы қарулары болғандығынан бас тартты. Қазақтардың айтуы бойынша, орыстардың төртеуінде қару болған. Олардың біреуі Андрей Завьялов винтовкамен және әскери патрондармен ұсталғанымен, оқ атпағандығын айтып ақталады. Орыстардың ішінен біреуі ғана Яков Иванович Поляков соққыға жығылған, қазір жағдайы түзеліп аман-сау күйінде. Сұрастыру барысында орыс шаруалары жерді өз беттерінше жыртықанын мойындады, оны қазақтардан жалға алмаған және оның кімге қарайтындығын, шекарасы қайда екендігінен мүлдем хабарсыз болғандығы айтылады.

Ресейдің ішкі губерниясынан келген қоныс аударушылар әр түрлі жолдармен Оңтүстік Қазақстанға еніп, жалған түсінік бойынша: «жерді басып алып, иелік етіп отыра берсек, әйтеуір бір соза келе, оған рұқсат аламыз» деген нық сенімге ие болатын» шаруалар осындай дөрекілікпен қазақтардың ата-бабаларынан бері иемденіп келе жатқан жерлерін тартып алуға көшті. Міне, осындай қоныс аударушылардың бір тобы (барлығы 24 адам) қазақтардың қыстауындағы қораларын басып алып, үй тұрғызуға және одан кейін 12 соқамен қазақтардың жерін өз еріктерімен жыртып бастағанда, жоғарыда айтылғандай төбелес орын алған еді.

Жерлерді басып алудың екі тәсілі болғандығын: біріншісі жоғарыдағыдай күшпен ашық түрдегісі, екіншісі қазақтардан жалға алу арқылы, кейін өз меншігіне айналдыруынан көруге болады. Бұл екеуіндегі ішкі есеп уақыт ұтуда, сол арада құрылыс салуға мүмкіндік алуда. Уақыттың өтуі әрқашан тиімді – бірінші жағдайда ұзаққа созылатын хат-қағаз алмасу арқылы сөзбұйдаға салынса, екінші жағдайда жергілікті әкімшілік жалға беру жайында ауызша өзара келісім болғандықтан, тіпті қарастыруға ынталы болмады. Уақыт ұтқан соң, үй-жай, қора-қопсылар салынғаннан кейін өкімет басып алғандарға жерін заңдастыруға мәжбүр болғандай болды. Мұндай басып алулар үнемі қайталанып, олардың жаңа толқынымен жаңарып, қоныстанушылардың мекендері ұлғая берді. Қоныстанушылар мәселесі бойынша жеке зерттеу еңбектерінің молдығына байланысты, біз бұл мәселе төңірегінде толық тоқталуды жөн көрмедік, тек оның тәсілдеріне ғана аздаған шолу жасадық. Қоныстандыру нәтижесі жергілікті халық үшін өте қайғылы болды. Қазақтардан тартып алынған жерлер аса көп күш жұмсауды қажет етпейтін, құнарлы, тыңайтылған және суару жүйесі бар жерлер болды, осындай жерлерден қуылған қазақтар иелігінде жартылай шөлейт, таулы, далалық аудандар ғана қалған еді. Г. Сафаровтың сөзімен айтсақ, «Ресей империясы берік ұстанған отаршылдық саясатымен ендігі жерде қазақтардың отырықшы шаруашылыққа көшуін тежеді. Оларды шөп өспейтін тақыр шөлді аймаққа ығыстырып, сол жерлерді мекендеуге мәжбүр етті». Тұрғындарды аяусыз тонау арқылы, орыс келімсек шаруалары мен казактарға пайданың көзін тауып берді» (Сафаров, 1996: 73).

М. Дулатовтың жер мәселесі жайында «күн өткен сайын біздің жеріміз тарылып, суымыз азайып бара жатыр. Ал оның себебі, орыс шаруалары тағылықпен тартып алып, иемденіп алып қойғанында. Қадір тұтатын ата-бабаларымыздың бейіттері сүріліп, олардың деревняларындағы көше астында аяққа тапталуда. Өздеріне үй салу үшін тас пен ағаш керек болғандықтан орыс шаруалары осы молаларды талқандап бұзуда. Осыны көріп, істерге амалым болмай, шерменде болған жүрегім қан жылайды», – деп ақын жанды, Отанын сүйген патриот ретінде, шерлене жазады (Дулатов 1987: 27).

Тәуелсіздікті аңсағандардың барлық әрекеттер мен мүмкіндіктердің болашағын ойластыратыны анық. Сондай бір мүмкіндік пен тәсіл ретінде шетелдерден көмек қолын іздестіру әрекеті болса, бұл туралы дерек – 1916 жылдың 1-ші қаңтарында Ішкі істер Министрлігінің, Полиция департаментіне Жетісу облысы әскери губернаторының сақшылар бөлімдері тыңшыларынан келіп түскен мәлімет. Шындығы толық айқындалмаған және толық тексерілмеген құпия мәлімет бойынша Ресейге бағынышты өлке тұрғындары өкілдері Венаға келіп премьер-министр Штюрппен кездесіп, сыртқы істер министрі граф Форгачтың қабылдауына рұқсат алып, тілдесіп, оларға өздерінің төмендегідей өтініш-тілегін ұсынған: «Біріншіден, Ресей өктемдігінен Бұхара мен Хиуаны азат ету және оған Түркістанды қосу. Екіншіден, Түрік сұлтанының қол астына бере отырып, Қазан патшалығы мен Қырым хандығын қалпына келтіру. Үшіншіден, Қырғыздардың (қазақ) әкімшілік-саяси тәуелсіздігін қамтамасыз ету. Төртіншіден, Бейтарап аймақ ретінде Еділ мен Каспий теңіздерін тану» (ҚР ОМА. 73-құпия қ. 2 «с» т. 2-іс. 18 п.).

Архив қорларындағы бұл мәліметтерде осы құжатты ұсынушылардың аты-жөні аталғандықтан олардың кім екендігін, қайдан келгенін анықтау туралы сақшылар бөлімі басшысына арнайы тапсырма берілген. Аса құпия түрде жинақталған мәлімет бойынша анықталғаны: олар - «... түркі газетін шығарушы, Париж университетінің философия мен тарих факультетін бітірген Юрду-Юсуф (оглы) Акчура (Жүсіп Акшора) басқа бір мәлімет бойынша Юрды-Юсуф-оглы, орыс азаматтығында Симбирскі губерниясында туып өскен, жергілікті бай фабриканттың туысы. Келесі біреуі – газет редакторы Фуюзай-Али-Гусейнзаде, университет профессоры, сонымен қатар – Махмад-Эссад-Эсиливзаде дінтану профессоры және Бұхара азаматы Мукум-Эддин-Бейдшау (Мухаммеджан Бид-Шав)» (ҚР ОМА. 73-құпия қ. 1-т. 15 «а» іс, 10 п.). Архив деректері бойынша, бұлар өздерін «Ресей мұсылмандары комитетінен» деп атап көрсеткен. Деректерді талдай келе кезіндегі Жетісу съезіндегі петициядағы Сырттановтың айтқан ұсыныстарының Вена қаласында шетел басшыларына

тапсырылғанын атап кеткеніміз жөн. Ішкі істер министрлігінің Полиция департаментіне қарасты бөлімшелердің деректерін талдай келе, қазақ жеріндегі мұсылмандық қозғалыс Түркістан аудандық сақшылар бөлімі тыңшы-агенттері арқылы толық бақылауға алынғанын көреміз. Дәл осындай деректердің бірі Верный қаласындағы саяси іздегіру бөлімі бастығының Жетісу әскери губернаторына жіберген 1916 жылғы 4-ші шілдедегі № 5263-ші айналымдық хаты. Бұл хатта бөлім басшысының 1915 жылға берген есебінде, Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясына тұрғындар атынан алдыңғы қатарлы мұсылмандар өкілдері наразылығын білдірді деп атап көрсеткен. Бұлардың империядағы бірнеше миллион болатын мұсылман тұрғындарының мүддесін қорғай алмай отырғандығын алға тарта отырып, алдағы Мемлекеттік Думаның шақырылуына орай, ендігі сайланымға жер-жерден тәжірибелі, білімді мұсылман өкілдерін келуге үгіттеу жүргізіле бастағандығы баяндалған. Қазанда шығатын «Юлдуз» газетінде мұсылмандар фракциясының төрағасы Тевкелевтің мақаласы жариялануына орай шақыру жіберілді. Полиция департаментінің 1916 жылғы 9-шы мамырындағы № 105301 – ші іс-қағазында тіркелген деректерде мұсылман фракциясы жанынан құрылған кеңесші бюроның құрылу уақыты мен құрамы туралы мәлімет берілген (ҚР ОМА. 73-құпия қ. 1-т. 10-іс. 27 п.)

К. Нұрпейісов қоныстандырудың зардаптарына тоқтала келе басында айтылған саясаттың негізгі тұжырымы ретінде мынаны айтады: «Ресей империясы қазақтардың тарихи отанын, ғасырлар бойы мекендеген атамекенін, өздерінің толыққанды мемлекеттік меншігі деп жариялады. Көк-майса шалғындар мен мал жайылымдары, аса құнарлы егіншілік жерлер тартып алынып, қоныстандыру мекемелері қорына берілді, орыс-казак әскери бекіністеріне, император кабинеттерінің жеке меншігіне және т.б. 1917 жылға дейін отаршылдардың иелегіне өтіп кеткен қазақ халқының 45 млн. десятина жерін атап кеткеніміз жөн» (Нурпеисов 1996: 68).

Полиция Департаменті тыңшылары арқылы алынған мәліметтер. Қазақтар арасындағы орын алған 1916 жылғы бұратаналарды тыл жұмысына алу туралы патша жарлығына байланысты көтеріліске қатысты зерттеу еңбектері жеткілікті болып табылады. Дегенмен де аса қызықты мәліметтер Түркістан аудандық сақшылар бөлімінің құпия тыңшылары мен мәлімет берушілер арқылы алынған деректерде сақталған. Патша жарлығына орай Жетісу облысы бойынша 19 бен 31 жас аралығындағы 60000 адам қара жұмысқа алынуға тиісті болды. Түркістан аудандық сақшылар бөлімінің тыңшы «Красивый» және ақылы мәлімет беруші «Нияздың» мәлімдеулері бойынша: «қаладағы жалшылар, жұмысшы болып істейтіндер қызметтерін тастап далалық алыс аймақтарға босып кетуде. Мәлімет бойынша Верный уезінің қазақтары «қара жұмысқа» бармау туралы шешім қабылдады – деп баяндалса, құпия тыңшы «Гардь» мәліметінде: «қала мен болыстықтардағы тараншылар тыл жұмысына бармайтындығын жариялады және олар жағынан қарулы қарсылық көрсетілуі мүмкін» - деп баяндаған. Ал келесі бір тыңшы «Алматинский» – қазақтардың арасында соғысқа біз орыс-казактары сияқты, әскери жасақ ретінде барамыз деушілердің басым екендігі баяндалған. Дәл осылар секілді Түркістан аудандық сақшылар бөлімінің құпия тыңшылары (Красивый, Ниязбек, Гардь, Алматинский, Ахмет) жергілікті қазақ тұрғындарының «орыс патшасы біздің жайлы жерімізді қоныстанушы-шаруаларға тартып әперді, енді, міне, бізді алдыңғы шепке окоп қазуға жұмсап, өлімге айдап құртпақшы» деген мәліметтер берген (Шашаев 2021: 216).

Тыңшылар тұрғындарды тыл жұмысына алу мал төлдеуімен, егін жинаумен дәл келуіне байланысты, шаруашылықта күйзелістің орын алу мүмкіндігін де баяндауды ұмытпаған. Әскери губернатор дәл осы жағдайларға байланысты толық мәлімет алу үшін облысқа арнайы мақсатпен жіберілген тыңшылармен қатар («Ахмет») аудармашы Тоқсанбаевты Пішпек оязына жіберсе, отставкадегі полковник, хат тіркеуші Мальковскийді жолына 70 руб. беріп сарттар арасындағы жағдайды қадағалау үшін іссапар деп бүркемелеп жіберген болатын. Әскери губернатор жоғарыдағы жағдайларды ескере отырып, тұрғындар арасында бүлік басталған жағдайда оны басуға қажетті үш жүз казактан тұратын жасақты жасақтауға өтініш жасады (ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 20070-іс. 60 п.).

Дегенмен, бұратаналарды тыл жұмысына алу туралы патша жарлығына қарсылықтың өршіп тұрғандығы туралы берген тыңшылардың мәліметтері неге ескерусіз қалып, Жетісу өлкесіндегі 1916 жылғы көтеріліске жол берілді деген тиісті сұрақ туындап отыр. Әрине, бұның себептері әр түрлі болуы мүмкін, дегенімен өлкедегі патша шенеуніктерінің өздерінің шексіз билігі күшіне деген асыра сенімі мен жергілікті тұрғындардың үнсіз бағыныштылығына деген үмітінде немесе саяси сауатсыздықтарында жатыр ма деген ой туындайды. Тыңшылар арқылы 1916 ж. 13 шілдеде келіп түскен мәліметте «Бұрған» жайлауында 7 шілдеде Жетісудегі барлық қазақ болыстарының өкілдері бас қосқандығы жайында баяндалады. Көпшілік алдында бұрынғы болыс бастығы Сәт Ниязбеков, болыс бастығы Қалшабаев және Тәнеке сөз сөйлеген болатын. Сөз алған шешендердің баяндауы бойынша Ресейге қосылған кезде генерал Г.А. Колпаковский салтанатты түрде Жетісу облысы қырғыздары (қазақ) ешқашан әскер қатарына алынбайды деп уәде берген еді. Бірақ сөзінде тұрып, уәдесін орындағанын көрмедік, патша шенеуніктер қазақтарды алдымен ақшалай тонады, артынан киіз үй, алашасын алса, енді тұрғындардың дені сау, жарамды дегендерін соғыс өртіне тастамақ. Шындығына келсек, оларды орыс солдаттарының алдына қойып, жау қолы жақын тұрған жерлерден окоп қаздырмақ. Дәл алдынан неміс жауынгері, ал арт жағынан орыс солдаты оқ атып, жауған оқтан қаза болар еді. Нәтижесінде қазақтың ер-азаматтары соғыста өліп, артында кәрі-құртандар мен әйелдер ғана қалады. Міне, соның салдары ретінде патша өкіметінің ойластырған «қазақтарды қыруы» жүзеге аспақ. Сол себепті, деді сөз алған шешендер, «айдалада көмусіз ит сияқты окоп қазып өлгенше, туған жердің топырағында күресіп өлгеніміз артық» деп көтеріліске шығып, қарсылық көрсету туралы шешім қабылдады (ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 20070-іс. 62 п.).

Әбден ашынған жергілікті тұрғындар қолына түскен шалғы, орақ, шоқпармен, күрек, кетпенмен қаруланып, қарулы әскерге қарсы шықты. Көтерілісшілерді жазалау аса қатігездік пен жауыздықтың айқын көрінісі болды. Жетісу және Сырдария облыстарындағы ондаған ауылдар мен Жизақ ояздарындағы қышлақтар жермен жексен болды. Көтеріліс барысында атылып, қылышпен қырылған ер азаматтарды айтпағанда әйелдер, бала-шаға мен шалкемпірлер қойша бауыздалды. Қандары судай ағып, көшедегі арық-суларды қызыл қанға бояды.

1916 жылғы көтерілістің басталуы. Жетісу облысының әскери губернаторы А.И. Алексеевке Жаркент уезі бастығының міндетін атқарушы Д.Н. Ступиннің 1916 жылдың 27 қарашасында Жаркент уезі қазақтарының алдында сөйлеген сөздері туралы баянхатында бұратаналарды тыл жұмысына шақыру жөніндегі жеделхатты ағымдағы жылдың 2-ші шілдесінде алғаны туралы айта келе: «... уездік басқармаға сол күні Жаркент-Дүнген, Жаркент-Тараншы болыстарынан және қалаларынан лауазымды тұлғалар, ауыл молдалары және жергілікті тұрғындар арасындағы қадірлі адамдар шақырылды, мен оларға жеделхатты оқып, түсініктемелер бердім. Оларға нақты міндеттерін айтып, той-томалақ үстінде немесе жиындарда және халық көп жиналатын мешіттерде бұл туралы халыққа олардың не істеу керегін түсіндіруді ұсындым, ал лауазымды тұлғаларға олардың жеке жауапкершілігімен шұғыл және қысқа мерзімде тыл жұмысына алынатындар тізімін жасауға дереу кірісуге жарлық бердім. Жазбаша түрде уездердің барлық басшыларына, басқармалық приставтарға және учаске бастығына нұсқаулар жіберілді» - деп баяндаған (ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 20070-іс. 63 п.).

Аталған кезеңде, 4 шілдеде Ақкент болысынан, ал 5 шілдеде жақын маңдағы қырғыз болыстарынан баянхат мәліметтері бойынша уездік басқармаға – аталған адамдар қайта шақырылғандығы туралы деректер бар. Архив деректеріне жүгінер болсақ, 4 шілдеде Жаркент-Дүнген ауылында, Жаркент-Тараншы болыстығының 2 ауылында жеделхат мазмұны бойынша түсіндіру жиындары өткізілген. Полиция басқармасы мәліметі бойынша, Жаркент-Тараншы болысының баяндауынша, ауылдардың тұрғындары бүлік шығарып, тізімдер жасаудан бас тартқан және жиын барысында белсенді басшылары елді үгіттеп тыңдамауға, жиналысты тастап кетуге шақырған (ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 20070-іс. 63–а. п.).

Уезд басқармасына – Жаркент уезі бастығының міндетін атқарушы Д.Н. Ступиннің бұйрығына сәйкес - 6 шілдеде таңғы 9-ға дейін Городскі ауылынан, ал 7-ші шілдеде Қазаншы мен Жаңа Тышқан ауылдарының рубасы ақсақалдары шақырылған болатын. Оларға, жеделхат негізінде Д. Н. Ступин, әр үйден іріктеліп жасалған тізімдерден тыл жұмысшылары тізімінен қалай құрастыру керектігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізген болатын. Соған қарамастан, тұрғындардың ықпалына бағынған ақсақалдар, бұйрыққа мойнұсынбауды таңдап, елді бастап кері кетіп қалды. Тізім беруден бас тартқан болыс және ояз басшыларын қызметінен алып, қамауға алу туралы бұйрық шығарылды. Олардың әрқайсысына үш ай мерзімге қамау туралы үкім негізінде түрмеге жабылып, күшейтілген күзет қойылды.

Сол күні дүнген болысынан екі қауымның мүшелері, барлығы 100-ге жуық адам жиналды. Д.Н. Ступин, оларға істің мәнін түсіндіріп, тізімдерді қалай жасау керектігін көрсетті; өкілдерді қоспағанда, келген дүнгендер бұрылып, кетіп қалды және көпшілік арасынан «басымызды шапса да, әскерге адам бермейміз» деген сөздер естілді. Олардың өкілдерінің айтуынша қытайлықтардың жақындығына байланысты отбасылары үшін қорқыныш бар. 7 шілдеде, түстен кейін, басқармаға Ақкент болысынан шақырған адамдар келді, олармен бірге шақырылмағандар да келді. Оқиға қайталанды, өлсе де тыл жұмысына адам бермеуге сөз байласып, тарқады. 5 шілдеде Байтүгей және Сатай болыстарының өкілдері жиналды.

Қазақ өкілдері бұл істі анықтауға жан-жақты тырысты, сұрақтар қойды, содан кейін соғыста тұрақты әскерге алып қала ма деп күдіктенетіндерін, бұл жұмысты өтеу орнына – мал, ақша және басқа да мүлікпен алмастыруды сұрады, өздерін әскери істерге қабілетсіз деп көрсетпек болды. Оларға бұған жол берілмейтіні түсіндірілді. Содан кейін уезд басқармасына Жаркент – Таран болыстығынан – Мәсімхан Садықов пен Ақкенттен – Надыр Сабыров, Ходжамберді Илимов, Жаркент болыстығынан тараншы – Хусаинбек Юнусов, Жалалетдин Юлдашев, Сатай болыстығынан Долыбай Қарғанов секілді құрметті тұлғалары қайта шақырылды, патша жарлығына қарсыласу өте қауіпті деп түсіндірілді, оларға мойнұсыншылық жасау ұсынылды.

Хусаинбек Юнусов бұған аса белсенді қатысты, мешіттерде сөз сөйледі, көз жасын көлдетіп, жалынды, сонымен бірге жоғары мәртебелі императордың ең жоғары еркі орындалуы керек деп уағыз айтты. Юнусов Құраннан: «мұсылман немесе мұсылман болмаса да патшаға бодандары бағынуы керек» дегенді келтірді. Патшаның сөздері «уажип», яғни қасиетті деп айтты. Қала маңындағы учаскенің губерниялық хатшысы Болатовтың аудармашысы қазақ болыстықтарына сол мақсатта жіберілді. Ол қайтып келіп, қырғыздар (қазақтар) арасындағы көңіл-күй алаңдатарлық екенін, оларды әскерге алынбайтындығына сендіруге болмайтынын айтты. Содан кейін ол Верный уезінің Қорам болысының билеушісін өлтіру туралы және Қапал уезінің екі старшинасы өздерінің толық ауылдастары құрамымен Қытай шекарасына қашып кеткені және оларды Бортолдағы қалмақтар тонап, барлық малды, мүлікті, жас әйелдер мен қыздарды тартып алып, өздерін қуып салғаны туралы хабар әкелді.

11 шілдеде Нарынқол–Шарын учаскесі бастығы болыс және ояз басшылары мен құрметті адамдарды жинағанын және олармен бірге 1000-ға жуық тұрғылықты адамдар келгенін баяндай келе, дегенмен жұмсаған барлық күш–жігеріне қарамастан, жиналғандардың патша жарлығын орындаудан бас тартып, тыл жұмысына адам бермейтіндерін, соңына дейін өлуге дайын екендерін және адам жинауға қатысушы, көмек көрсететіндердің көзін жоятынын мәлімдегенін жеткізді. Жиналған жұртшылық Болыстық кеңселерге бөлініп, басып кіріп тыл жұмысына шақырылғандардың тізімін жойды. Тыңшылар арқылы алынған мәліметтерге сәйкес, Ұзақ Саурықов пен Жәмеңке Мәмбетовтің батасымен, тыл жұмысына адам бермеуге уағдаласып, тұтқындау немесе басқа қуғын–сүргінге ұшыраған жағдайда қарсылық білдіріп жауап беруге немесе Қытайға ауа көшу туралы шешім қабылдаған. Тыңшылардың айтуынша, қазақтар шалғы мен найзаларын қару ретінде дайындауға кіріскен. Бұл туралы мәлімет, Жетісу облысының әскери губернаторы А.И. Алексеевке Верный қаласы іздестіру бөлімінің меңгерушісі баяндауы арқылы жеткен. Ояз басшылары, приставтар,

полиция мекемелерінен телеграммалар орталыққа үсті-үстінен қаптап келіп жатты. 7 шілдедегі бір телеграммада: «Жергілікті халықтың көңіл-күйі алаңдатарлық, жұмысшыларды әскери күшпен алуға тура келетініне сенімдімін» делініп, Жаркент гарнизонына тағы да бір жүздікпен көбейту сұратылған: «Жаркент гарнизонын кем дегенде бір жүз казакқа көбейту керек. Жергілікті тұрғындар өз отбасыларын Қытай шекарасына жіберіп жатқаны белгілі болды; олардың арасында отбасылардың қауіпсіздігіне байланысты алаңдаушылық бар және олар туыстарын алдын-ала жіберуге тырысады. Сіз есерсоқтардан тіпті әскерлер мен орыс халқына шабуылын күте аласыз. Голубевская станицасы және Қорғас, Николаевск қоныстарының казактарында 50-ге жуық бердан мылтығы бар, ал қалған қаруланбаған орыс халқын қаруландыру қажет. Ағымдағы жылдың 2 тамызында мен мынаны телеграф арқылы жібердім: «Кравченконы (Пржевальск уезіне) шақырып, Құлжада орналасқан әскери жүздікті Жаркентке уақытша жіберуге (және) азаматтарды әскер қоймасындағы сақталған бердан мылтықтарымен қаруландыруды өтінемін, жағдай тіпті аса қауіпті болып тұр». «Мен жергілікті орыс тұрғындарына қаруландыру туралы ағымдағы жылдың 18 шілдесіндегі № 1434-ші жеделхатымда сұраған едім. Ағымдағы жылдың 12-ші тамызда мен телеграф арқылы № 2680-шы хабарламаны алдым, онда генерал-губернатор Құлжадағы жүздікті Жаркентке жіберуге және № 2676 хабарламаға сәйкес әскери қоймадағы сақталған жаппай орыс тұрғындарын бердан мылтықпен қаруландыруға рұқсат бергені туралы баяндалды» (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 526-іс. 122 п.).

Сақшылар бөлімінің тыңшыларынан алынған мәліметтер негізінде, Жаркенттегі жағдайдың ауырлығы туралы 1916 жылдың 4 тамызындағы № 28 рапортта: «Телеграммой от 1 сего августа за № 2559 ваше превосходительство разъяснили, что в других уездах туземные волости и общины почти ежедневно являются, принося приговора о полной готовности исполнить закон о наборе рабочих и вновь обращает внимание на отсутствие подобных, естественных и необходимых явлений в Джаркентском уезде» – делінген болатын (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 526-іс. 122-а. п.).

Көтерілісшілердің жазалануы. 1916 жылдың 31 тамызында Алтынемел учаскелік пристава, Қапал уезінің бастығы м. а. И. Сидоров қаза тапқан қазақтарды жерлеу туралы анықтама (№ 220) берген еді: «Представляя настоящее дознание, доношу вашему высокоблагородию, что изрубленные киргизы, в числе 13 человек, мною похоронены в общую братскую могилу, выше трактовой дороги, в расстоянии ½ версты, на ур. Коктал. Причем, список о личности изрубленных киргизов и об их поранениях будет представлен дополнительно, по получении от Карабулакского ст(аничного) атамана» (ҚР ОМА. 76-қ., 1-т., 526-іс, 123-п.). Міне, осы анықтаманың қысқа ғана мәліметтерінен көтерілісшілерді жазалаудың қаншалықты қатал болғанын байқауға болады. Жағдайдың қалай болғанын тергеу мәліметтері арқылы қарастырайық, 1916 жылы 31 тамызда қашып кету әрекеті кезінде қамауға алынған қазақтарды өлтіру ісі бойынша прапорщик П.Н. Вязигиннің тергеушілерге берген жауабының хаттамасынан: «Сауалнамаға қатысқан колонна бастығы-прапорщик Павел Николаевич Вязигин түсіндірді: «28 тамызда мен полковник Осиповтың бұйрығымен 11 казакпен бірге Қарабұлақ станциясының карцерінде болған қырғыздарды Қапал қаласына апару үшін Қарабұлақ станциясына іссапарға жіберілдім. Қарабұлақ станциясына 28 тамыз кешкі сағат 5-те келдім, Қарабұлақ станциясына келгеннен кейін, қырғыздар арасында біздің қамаудағыларды алып кетуге келгеніміз туралы сөз тарады. Маған жеткен қауесеттерге сәйкес, қырғыздар, тұтқындалғандардың туыстары тұтқындалғандарды қалай болса да айдауылдан алып кетуді көздеді, сондықтан мен тұтқындалғандардың туыстары тұтқындалғандарды алып кету уақыты туралы біле алмайтындай ету үшін қолайлы уақыт күтіп жаттым. Тұтқындалғандармен мен 30 тамыз сағат 3-те шықтым. Тұтқындалғандар 13 адам болды. Тұтқындалғандармен колоннаға қырғыз тілінде сөйлеспеді, олардың әңгімелерін тыңдауды, ал қарсылық көрсетіп немесе қашуға ұмтылса, бірден шауып тастауға бұйырдым. Карцерден шыққан кезде қамауға алынғандар батыл және дөрекі ұстады, казактардың жылдам және бір топ боп бірігіп жүрсін деген бұйрығын орындамады. Тұтқындалғандардың әңгімесінен біз оларды

туыстары қарсы алып, бізден қайтарып алу керек екенін білдік. Садық селосынан өткеннен кейін қараңғы түсе бастады және тұтқындалғандар колоннаның талаптарына мүлдем бағынбады. Сарыбұлақ станциясына жетпей, шамамен 5 шақырым қалғанда, тұтқындалғандар қараңғылықты пайдаланып, туыстарының көмекке шықпауын пайдаланып, бүлік шығарды, казактарға тас лақтырып, әр тарапқа тез-тез жүгіріп қаша бастады. Содан кейін мен оларды бірден шауып тастауға бұйрық бердім, содан тұтқындалғандардың бәрі бірі де қалмай шауып тасталды» (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 526-іс 123-а. п.).

Прапорщик П.Н. Вязигиннің басшылығымен айдауылмен бірге Қарабұлақ станицалық басқармасынан Қапал қаласына жіберілген қазақтар тізіміне тоқталайық: Балғалыдан – Андаспай Мамекбаев – қару-жарақ жасады деген күдікпен қамауға алынды; Жоғарғы Қараталдан – Қалтай Қуандықов; Күлетай Қуандықов, Бөлтек Мамбетов, Сейілахмет Ибрагимов, Салық Даукин; Тау-Жалайырдан – Қылшабай Бейсенев; Лебедев болыстығынан – Желдікбай Берсүгіров, Жүніс Жетпіспаев; Жоғарғы Қараталдан – Жазықпай Байқуанов; Төменгі Қараталдан – Шолпамбай Жексембаев үлкен пышақтарды сатып алғаны үшін ұсталды; Андасов болыстығынан – Солт Михметов; Мурзин болыстығынан – Жаңырхан Жұмайбеков жалған қауесет таратқаны үшін генерал Абрамовтың бұйрығымен тұтқындалған (ҚР ОМА. 76-қ., 1-т., 20070-іс, 106 п.).

Жоғарыдағы мәліметтерді, 1916 ж., 31 тамызында – Талдыбұлақ елді мекенінде қаза тапқан қазақтардың денелерін учаскелік приставтың тексеру актісі растай түседі: «Труп № 1 – Сзади разбит череп, правая рука по локоть отрублена. Труп № 2 – Сзади разрублен череп. Труп № 3 – С левой стороны разрублен выше уха череп и обе руки отрублены. Труп № 4 – Сзади отрублена шея и разрублен сзади череп, левая рука перерублена по кисти. Труп № 5 – Сзади отрублена шея. Труп № 6 – Сзади в двух местах перерублена шея, левая рука разрублена. Труп № 7 – Сзади отрублена шея. Труп № 8 – Колотая рана с правой стороны в бок, в шею. Труп № 9 – Рана в правый бок и в грудь. Труп № 10 – Сзади перерублена шея и ранен в левый бок. Труп № 11 – С левой стороны разрублена голова и перерублена левая рука. Труп № 12 – С левой стороны разрублена голова. Труп № 13 – Сверху разбит череп. Трупы были одеты, в обуви, но большинство без верхних халатов. Вр. ис. об. Алтын-Эмельского участкового пристава И. Сидоров» (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 20070-іс. 107-п.). Мұндай деректер көп болғандықтан мысал ретінде, хаттаманың біреуін ғана келтіріп отырмыз.

Көтерілістің салдары. Көтеріліске қатысқандар қатаң жазаланып, талқандалғаннан кейін оның салдары жергілікті тұрғындар үшін өте ауыр болды. Бұл туралы 1916 жылдың 16 қазанында – Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткиннің төрағалық етуімен көтеріліске қатысқан қазақтар мен қырғыздарды көшіру және олардың жерлерін орыс қоныс аударушыларына беру туралы кеңес хаттамасы мәліметтері дерек бере алады. Бұл кеңесте төрт мәселе қарастырылды: 1) Ыстықкөл ауданынан, Пржевальск уезінен, Көбен аңғарынан және Пішпек уезінің Шу аңғарының бөлігінен, Текес және Шалкөде-су аңғарынан, Жаркент уезінен бүлікшілерді қуып шығару туралы; 2) Бүлікшілерді Нарын өлкесіне қамап, онда дербес Нарын уезін құру туралы; 3) Бүлікші қырғыздарды шығарып жібергеннен кейін босаған жерлерді қоныстандыру және таза орыс халқы бар Пржевальск уезін құру туралы; 4) Верный уезі казактарының жерге орналастыру туралы.

Кеңеске Жетісу облысының әскери губернаторы М.А. Соколов-Соколинский, мемлекеттік мүлікті басқарушының м. а. және Жетісу облысындағы қоныстандыру ісінің меңгерушісі В.А. Гончаровский, оның көмекшісі Д.В. Антонов, Жетісу әскери басқармасының төрағасы м. а. Н.С. Щербаков, әскери агроном В. Ф. Баудер, әскери басқарма кеңесшісі м. а. Л.П. Соколовьев, Жетісу қоныс аудару ауданының инженер-гидротехнигі Е.А. Смирнов, казактардың жерге орналастыру жөніндегі инженер-гидротехнигі В.В. Епанечников, Қоныс аудару басқармасының Статистика бөлімінің меңгерушісі А.Л. Бурыгин, казактардың жерге орналастыру жұмыстарын жүргізушілер М.Ф. Войшбилло, Н.Н. Теплов және әскери жер өлшеуші В.Г. Рунков қатысқан болатын (ҚР ОМА. 76-қ., 1-т., 20070-іс, 108 п.).

Кеңестің шешімі төмендегідей болды: «Рассмотрев карту, его высокопревосходительство генерал–губернатор высказал, что считает необходимым отобрать от киргиз все те земли, где пролита русская кровь, а так как в районе озера Иссык–Куль и по Текесской долине взбунтовавшимися киргизами разрушено и сожжено свыше 1 000 домов, убито около 2 000 душ русского населения, то естественно, что все эти земли должны быть изъяты из пользования киргиз и обращены под водворение русских...» (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 20070-іс. 108-а. п.).

Пішпек, Пржевальск және Жаркент уездері бойынша барлығы 37 355 қырғыз–қазақ шаруашылығының 2 510 361 дес. жер тартып алынды. Қырғыз бүлікшілерін көшіру бойынша босаған жерлерде Кеңес Ыстықкөлдің солтүстік және оңтүстік жағалауларында әрқайсысы кемінде 60 ауладан тұратын 5 казак станциясын құруды көздеді. Осылайша, казактар мен орыс қоныс аударушыларын орналастыруға Кеңес белгілеген барлық аумақтан, яғни Жаркент уезінің Текес өзені аңғарының бөлігі, Шалкөде–су, Қарқара жазығы (Пржевальск уезінің бөлігі) Ыстықкөлдің солтүстік және оңтүстік жағалауын қоса алғанда бұрынғы Столыпин ауылына дейінгі таза орыстардан тұратын, екі приставы бар екі ауылды біріктірген Пржевальск ерекше уезі құрылды: біреуі бұрынғы Столыпинский ауылында, екіншісі – казактардың Охотничий бекінісінде.

Сонымен, Кеңес шешімінің тағы бір бөлігінде былай делінді: «Все бунтовавшие киргизские волости Пржевальского уезда, части Пишпекского, кроме волостей Сарыбагишевской и Атекинской, переселить в Нарынский край», – делінді.

«П. П. Румянцевтің Жаркент уезіне қатысты зерттеуіне жүгінер болсақ, бұл аймақта 57 125 десятина егістік жерлер, 46 288 десятина шабындық, 1 836 309 десятина жайылымдық қыстау аумағы, 2 815 400 десятина жайылымдық жаздық, барлығы – 4 765 122 десятина жер бар. Бүлікшіл қырғыздарды ығыстыру бойынша жоспарланған аудандарда қазіргі уақытта Пржевальск уезінде 9 325 қырғыз шаруашылығы және Пішпек уезінде 3 846 шаруа қожалығы бар және ығыстыру жоспарланған 37 355 шаруа қожалығымен бірге бұл ауданда барлығы 50 526 қырғыз шаруа қожалығы жинақталған. Демек, бір қырғыз шаруашылығына 1, 1 десятина егістік жер, 0,9 десятина шабындық жер, 36, 3 десятина жайылымдық қыстау аумағы, 55, 7 десятина жайылымдық жаздық аймағы, барлығы 94 десятина жер тура келеді. Осы жерлердің барлығын қосып, дербес Нарын уезін, Нарын қаласы мен Атаке және Жұмғалы қоныстарында екі приставтық құру керек, бұл ретте жоғары мәртебелі генерал-губернатор уездік қаланы қай жерде құру керектігін және уездік қалаға арналған орынды тандағанда приставтар саны, орталықтағы уездік қаладан асып кетпейтіндей етіп, қай жерде орналасуы тиімді болатынын мұқият ойластыруды ұсынды» (ҚР ОМА. 76-қ. 1-т. 20070-іс. 110 п.).

Көтеріліс аяусыз жаншылған соң егістік пен шабындық жерлер, көтерілісшілердің дүние-мүлкі, малы, қора-қопсысы мен үй-жайлары тәркіленіп көтерілісті басуға белсене қатысқан орыс кулактарына сыйға тартылды. Осы 1916 жылы елді тонаудан байып алған кулактар революция кезінде де, ескі заманды еске алып тонаумен айналысты. Оған мысал ретінде Пржевальскі депутаттары тобының Өлкелік Кеңестегі баяндамасынан үзінді келтіруге болады: («Наша Газета», 20 июня 1917 г.) «Бір шаруа қырғыздарды (қазақ) жұмысқа жалдайды, ал екіншісі оларды өлтіреді. Шаруалар топ-топ болып қырғыздарды (қазақ) тонауға аттанады, оларды өлтіруден де тайынбайды. Колыдовка селосында бір қашқын бар (бұрынғы Сазоновканың тұрғыны) оның айтқаны, біздің мақсатымыз қырғыздар арасында көтерілісті болдыру, соны сылтау етіп оларды қырып салу. Григорьев селосында шаруалар 5 қырғызды алдымен киізге орап, өртеп жібереді. Тура осындай жағдайда 18 сәуірде Кольцовка жанында 9 қырғыз өлтірілді. Біз 3 болыстың өкілдерін, барлығы 30 адамды сұрауға алдық. Біріншіден, қырғыздар арасында толық ашаршылық, өздерінде ұн жоқ, ал шаруалар оларға бермейді. Екіншіден, орыс шаруалары мен демалыстағы солдаттар аяусыз тонап қырғыздарды өлтіруде» (ҚР ОМА. 73-құпия қ. 1-т. 10-іс. 27 п.). Жетісулік кулак революцияның алғашқы күнінен–ақ, патша өкіметінің құлауымен қатар, бұрыннан санасына сіңірілген құлиеленушілік, содырлық аң сияқты тағылық инстинктерінің оянуына жол

ашылғанын сезінді. Міне, осы сәтті жағдайды пайдаланып 1916 жылды қайталады. Революция басталысымен-ақ кулактар айуандық әрекеттерге барып қазақтардың жерін, дүние-мүлкін тіпті әйелі мен балаларын тартып алып қатыгездікпен тонауға көшті. 1916 жылғы қырғыннан Қытайға өтіп кеткен жергілікті тұрғындардың Жетісуге қайта оралуы туралы сыбыс та бұған өз әсерін тигізді. Жетісуге жіберілген уақытша өкіметтің комиссары О.А. Шкапский шын мәнінде осы жаппай қырғынға басшылық жасап «ешқандай да бітім жайында сөз болмайды, қырғыздар күшпен көшірілуі керек» – деп айылын жимастан жария етті (ҚР ОМА. 73-құпия қ., 1-т. 10-іс. 27 п.).

Қорытынды. Сонымен, жоғарыда келтірген деректерге талдау жасай келе 1916 жылғы көтерілістің себептері тек қана тыл жұмысына алуға байланысты ғана емес, тым әріден басталып, жергілікті бай-манаптар езгісінен өсіп шығып, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күреске ұласқан еді. Мұны сол кездің өзінде-ақ орыс шенеуніктерінің кейбіреулері мойындаған болатын. Мысалы, 1916 жылы 3 қыркүйекте генерал А.Н. Куропаткин күнделігінде жазған болатын: «Жетісу облысының үш Оңтүстік уезінің қырғыз халқы бүлік шығарды. Ол жерге айтарлықтай күш жіберуге тура келді және екі казак полкін жіберуді сұрадым, ол орындалды... Қырғыздардың тез бас көтеруінің басты себебі тереңде және біздің қырғыздарға қатысты жүргізген жер саясатымызда жатыр. Көптеген жылдар бойы «бос жерлерді» қалыптастыру үшін олардың көшіп-қонатын жерлері, ең бастысы, қыстақтары орналасқан аумақтар қырғыздардан тартып алынды. Қырғыздарға отырықшылану үшін жер беру кезінде заң тек егістік жерлерді беруге рұқсат етті, ал мал жаюға және шөп жинауға арналған жерлер мүлдем бөлінбеді. Жалпы, жұмысшыларды жалдау серпін болды, ал қырғыздардың орыс режиміне наразылығы баяғыдан бар еді» (ҚР ОМА. 73 құпия қ. 1-т. 10-іс. 27 п.).

Қорыта келе, жандарм, іздестіру, сақшылар бөлімі мен полицейлік басқа да мекемелердің кеңсе тіліндегі құрғақ құжаттарының деректері 1916 жылғы көтерілістің кейбір үзік көріністері арқылы оның себеп-салдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
73 "s" – fund. Head of the Search center in the town of Vernom, Semirechensk region.
44 – fund. Semirechensk Regional Board of the Ministry of War.
76 – fund. Prosecutor of the Vernensky District Court of the Ministry of Justice.
CSA RUz – Central State Archive of the Republic of Uzbekistan
461 – fund. Turkestan Security Department

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
73 «с» – қор. Заведующий Розыскным пунктом в городе Верном, Семиреченской области.
44 – қор. Семиреченское областное правление Военного министерства.
76 – қор. Прокурор Верненского окружного суда Мин. юста.
ӨзР ҰА – Өзбекстан Республикасы Ұлттық архиві.
461 – қор. Туркестанское охранное отделение.

References

Demko, 1997 — *Demko Dzh.* Orystardynq Qazaqstandy otarlauly (1896–1916) (Russian Colonization of Kazakhstan (1896–1916)). Almaty: Gylm, 1997. 206 p. (In Kaz.).
Dulatov, 2003 — *Dulatov M.* Oyan, qazaq (Wake up, Kazakh). Almaty: Atamura, 2003. 192 p. (In Kaz.).
Eroshkin, 1968 — *Eroshkin N. P.* Istoriya gosudarstvennykh uchrezhdenii dorevolutsionnoi Rossii (History of State Institutions of Pre-Revolutionary Russia). Moscow: Vysshaya shkola, 1968. 360 p. (In Russ.).
Kappeler, 2003 — *Kappeler A.* Dve traditsii v otnosheniyakh Rossii k musulmanskim narodam Rossiiskoi imperii (Two Traditions in Russia's Relations with the Muslim Peoples of the Russian Empire). Otechestvennaya istoriya. 2003. No. 7. P. 129–135. (In Russ.).
Leizerovich, 2001 — *Leizerovich E. E.* Sotsialnye i ekonomicheskie itogi Rossiiskoi kolonizatsii Turkestana (Social and Economic Results of the Russian Colonization of Turkestan). Tel Aviv, 2001. 269 p. (In Russ.).
Nurpeisov, 1996 — *Nurpeisov K.* Vosstanovlenie territorialnoi tselostnosti Kazakhstana v XX veke (Restoration of the Territorial Integrity of Kazakhstan in the Twentieth Century). Kazakhstan i mirovye soobshchestvo. 1996. No. 4. P. 68. (In Russ.).

Pahlen, 1910 — *Pahlen K. K.* Politsiya bezopasnosti. Otchet po revizii Turkestanskogo kraia, proizvedennoi po vysochaishemu poveleniyu senatorom, gofmeisterom, grafom K. K. Palenom (Security Police. Report on the Inspection of the Turkestan Region Conducted by Supreme Order by Senator, Hofmeister, Count K. K. Pahlen). Vol. 35. Saint Petersburg, 1910. 219 p. (In Russ.).

Pearson, 1989 — *Pearson T. S.* Krizis russkogo chinovnichestva, samoderzhavie i mestnoe samoupravlenie 1861–1900 gg. (The Crisis of Russian Bureaucracy, Autocracy and Local Self-Government, 1861–1900). Cambridge: University Press, 1989. (In Russ.).

Pipes, 1993 — *Pipes R.* Rossiya pri starom rezhime (Russia under the Old Regime). Moscow: Nezavisimaya gazeta, 1993. 427 p. (In Russ.).

Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi Imperii, 1891 — *Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi Imperii. Sobranie 3* (Complete Collection of Laws of the Russian Empire. Collection 3). Saint Petersburg, 1891. Vol. 9. No. 5732. P. 36–37. (In Russ.).

Ryskulov, 1997 — *Ryskulov T.* Sobranie sochinenii (Collected Works). In 3 volumes. Vol. 2. Almaty: Kazakstan, 1997. P. 51. (In Russ.).

Safarov, 1996 — *Safarov G.* Kolonialnaya revolyutsiya: opyt Turkestana (Colonial Revolution: The Experience of Turkestan). Almaty: Zhalyn, 1996. 83 p. (In Russ.).

Shashaev, 2021 — *Shashaev A. K.* Zhetisu olkesindegi imperiyalyq-politseilik qadagalaudyn tarikhy (1867–1917 zhzh.) (The History of Imperial Police Supervision in the Semirechye Region (1867–1917)). Almaty: Arys, 2021. 216 p. (In Kaz.).

Spiridovich, 1991 — *Spiridovich A.* Zapiski zhandarma. Reprintnoe vosproizvedenie izdaniya 1930 g. (Notes of a Gendarme. Reprint Reproduction of the 1930 Edition). Moscow, 1991. 268 p. (In Russ.).

Tynyshpaev, 1993 — *Tynyshpaev M.* Istoriya kazakhskogo naroda (History of the Kazakh People). Almaty: Kazak University, 1993. P. 16. (In Russ.).

Әдебиеттер

Демко, 1997 — *Демко Дж.* Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896–1916). Алматы: Ғылым, 1997. 206 б.

Дулатов, 2003 — *Дулатов М.* Оян, қазақ. Алматы: Атамұра, 2003. 192 б.

Ерошкин, 1968 — *Ерошкин Н.П.* История государственных учреждений дореволюционной России. М.: Высшая школа, 1968. 360 с.

Каппелер, 2003 — *Каппелер А.* Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. 2003. № 2. С. 129–135.

Лейзерович, 2001 — *Лейзерович Е.Е.* Социальные и экономические итоги Российской колонизации Туркестана. Тель-Авив, 2001. 269 с.

Нурпеисов, 1996 — *Нурпеисов К.* Восстановление территориальной целостности Казахстана в XX веке // Казахстан и мировое сообщество. 1996. С. 68.

Пайпс, 1993 — *Пайпс Р.* Россия при старом режиме. М.: Независимая газета, 1993. 407 с.

Пален, 1910 — *Пален К. К.* Полиция безопасности. Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению сенатором, гофмейстером, графом К.К. Паленом. Санкт-Петербург, 1910. Т. 35. 219 с.

Пирсон, 1998 — *Пирсон Т. С.* Кризис русского чиновничества, самодержавие и местное самоуправление 1861–1900 гг. // Реферативный журнал. Серия 5. 1998. № 3. С. 12.

ПСЗ, 1891 — Полное собрание законов Российской Империи. Собрание 3. Санкт-Петербург, 1891. Т. 9. № 5732. 728 с. С. 36–37.

Рыскулов, 1997 — *Рыскулов Т.* Собрание сочинений: в 3 т. Алматы: Қазақстан, 1997. Т. 2. С. 51.

Сафаров, 1996 — *Сафаров Г.* Колониальная революция (Опыт Туркестана). Алматы: Жалын, 1996. 83 с.

Спиридович, 1991 — *Спиридович А.* Записки жандарма. Репринтное воспроизведение издания 1930 г. М., 1991. 268 с.

Тынышпаев, 1993 — *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алматы: Қазақ университеті, 1993. С. 16.

Шашаев, 2021 — *Шашаев Ә.Қ.* Жетісу өлкесіндегі империялық-полицейлік қадағалаудың тарихы (1867–1917 жж.). Алматы: Арыс, 2021. 216 б.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дёнингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҮСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ» СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдыгалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй